

"Мақта талшығына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 255 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 қазандағы № 746 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мақта талшығына баға белгілеу қағидаларын (әдістемесін) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 255 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мақта талшығына баға белгілеу қағидаларында (әдістемесінде):

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Мақта талшығының мәміле бағасы қазақстандық мақта талшығының нарықтық бағасынан 10 пайыздан артық ауытқымауы тиіс.

Нарықтық баға мен жол беріледі ауытқу арасындағы айырмашылық мәміле бағасынан төмен немесе оған тең болған ($МБ \geq НБ - ЖА$) жағдайларда, мәміле бағасына жол берілген деп танылады. Нарықтық баға мен жол берілген ауытқу арасындағы айырма мәміле бағасынан жоғары болған ($МБ < НБ - ЖА$) жағдайларда, мәміле бағасына жол берілмейді деп танылады, мұнда:

МБ – сатып алушыға меншік құқығы өткен күндегі мақта талшығының мәміле бағасы;

НБ – сатып алушыға меншік құқығы өткен күндегі мақта талшығының нарықтық бағасы;

ЖА – 10 %-ға тең жол берілетін ауытқу."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин